

**"Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын жариялау туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1996 жылғы 30 қаңтардағы N 23 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 23 қыркүйектегі N 559 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 20 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3904. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 9 қазандағы № 830 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 09.10.2015 № 830 бұйрығымен.**

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жағдай жасайтын нормаларды болдырмау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын жариялау туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1996 жылғы 30 қаңтардағы N 23 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 288 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтағы "Алматы қаласының, облыстардың ІБ" деген сөздер "Облыстардың, Астана және Алматы қалалары ішкі істер департаменттерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

аталған бұйрықпен бекітілген Ішкі істер органдарының Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беруге байланысты материалдарды қарастыру тәртібі жөніндегі н ұ с қ а у л ы қ т а :

б а р л ы қ м ә т і н б о й ы н ш а :

"облыстық ішкі істер басқармалары, Алматы қалалық ішкі істер басқармасы, облыстық ІБ, Алматы қаласының ІББ" деген сөздер "Облыстардың, Астана және Алматы қалалары ішкі істер департаменттерінің" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Паспорт және виза жұмысы жөніндегі басқарма (Паспорт және виза жұмысы жөніндегі бөлім)", "Ішкі істер министрлігінің Паспорт және виза жұмысы басқармасы" деген сөздер "Көші-қон полициясы басқармасы (бөлімі)", "ІІМ-нің Көші-қон полициясы департаменті" деген сөздермен ауыстырылсын;

"көші-қон жөніндегі Департаменті", "көші-қон жөніндегі Департаментінен" деген сөздер "Көші-қон жөніндегі комитеті" "Көші-қон жөніндегі комитетінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2.1-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігінің паспорт және виза жұмысы жөніндегі басқармасы" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы департаменті (бұдан әрі - ПМ-нің КҚПД)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2.2-тармақтың бірінші абзацында:

"Паспорт және виза жұмысы жөніндегі басқармалары (бөлімдері)" деген сөздер "Көші-қон полициясы басқармалары (бөлімдері) (бұдан әрі - КҚПБ(б))" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және Мемлекеттік тергеу комитетінің Криминалдық ақпараттар орталығының" деген сөздер алынып тасталсын;

3.2-тармақтың б) тармақшасындағы ", қазіргі заңдарға сәйкес, олардың Қазақстан Республикасының аумағында бұдан әрі болуының Заңдылығы жөніндегі мәселені қарастырады" деген сөздер "олардың Қазақстан Республикасының аумағынан кетуін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қолданады" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы департаменті (М.Қ.Пістаев) бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өтуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*